Ұ Й Ғ А Р Ы М

2025 жылғы 26 қыркүйек Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Саудабаев «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «MADE.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қарап

а н ы қ т а ғ а н ы:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі сотқа «MADE.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен жүгінген.

Бұл талап төменде көрсетілген негіздер бойынша қабылдаудан бас тарту қажет.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 151-бабының 1 бөлігінің 1-тармағына сай, егер арыз азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса, судья талап қою арызын қабылдаудан бас тартады.

Іс құжаттарынан көрінгендей, талап қоюшы талабында жауапкер шарт жасаудан жалтаруына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Алайда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 17-бабының 5-тармағына сәйкес егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса немесе шартты жасасып, шартты орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы соманы (бар болса) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

Заңның 8-бабы 4-тармағының 2-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімін уәкілетті орган тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырады.

Анықталғандар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы мәселе уәкілетті органның құзыретіне жатады. Осыған байланысты талап қоюшы аталған талаппен уәкілетті органға жүгінуі тиіс.

Көрсетілгеннің негізінде талап қоюшының талабы қабылдаудан бас тартылуға жатады.

АПК-тің 151 және 268-269 баптарын басшылыққа алып, судья

ұ й ғ а р д ы:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «MADE.KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қабылдаудан бас тартылсын.

Ұйғарымға жеке шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 429-баптарының талаптарын сақтай отырып ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: ұйғарым түпкілікті нысанда 2025 жылғы 26 қыркүйекте дайындалды.

Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Ұйғарым заңды күшіне 2025 жылғы « » енді.

Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 26.09.2025

2301-25-3-1/3114